

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарманың шешімімен
Хаттама № 3 «*21*»

05 2024 ж.

проф. Н.О. Дулатбеков

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
Хаттама № 5 «*21*» *06*

2024 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті (IP)

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды қ.
2024

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ


«6B01710 – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ (ІР)»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ



«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысы білім басқармасының №2 «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ директоры

 Қ.Ә.Егенбердиев
« 25 » 03 2024 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы» КММ директоры С.Ш.Жекебаев
« 03 » 03 2024 ж.



«БВ01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» (IP) мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
2. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы (24.05.2018 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
3. 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 Жоғары білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты;
4. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері;
5. ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 ақпандағы №152 бұйрығы (12.10.2018 ж. № 563 өзгертулер мен толықтырулармен);
6. 2018 жылғы 13 қазандағы №569 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы;
7. Орта білім берудің(бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018, 31 қазан, №604 бұйрық);
8. «Педагогтің» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлтық кәсіпкерлер палатасы төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша)
9. «Жалпы білім беретін мекемелерде жалпы білім беретін пәндер, таңдау бойынша курстар мен факультативтер бойынша типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрыққа өзгертулер мен толықтырулар 2018 жылдың 10 мамырындағы № 199 ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы;
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы.

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы	4
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	4
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	7
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	9
19	Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	13
20	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу(ЖОН)	38
21	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	41
22	Түлек моделі	45

1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы: 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті
2. Білім беру саласының коды және жіктелуі: 6B01, педагогикалық ғылымдар. 6B017, тіл және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау.
3. Білім беру бағдарламаларының тобы: 6B017, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша мұғалімдер даярлау.
4. Кредит саны: 240 ECTS.
5. Оқу түрі: күндізгі.
6. Оқу тілі: қазақ тілі.
7. Берілетін академиялық дәреже: «6B01710-Қазақ тілі мен әдебиеті» (IP) бойынша білім бакалавры.
8. Білім беру бағдарламасының түрі: инновациялық.
9. БХСЖ деңгейі: 6.
10. ҰБШ деңгейі: 6.
11. СБШ деңгейі: 6.
12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі: жоқ.
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымша
14. Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімі:
15. Білім беру бағдарламасының мақсаты: Қазақ тілінде оқытпайтын барлық типтегі және түрдегі орта білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі ретінде кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті маман-педагог даярлау.
16. Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы
 - а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі
 - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;
 - ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер;
 - әдеби кеңесші;
 - мемлекеттік іс қағаздар жүргізуші.
 - б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері

«6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметінің нысандары:

 - мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары;
 - бастауыш, негізгі және бейіндік мектептер;
 - мамандандырылған мектептер;
 - әдеби, мәдени мекемелер, баспа орындары;
 - мемлекеттік органдар, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарындағы іс-қағаздары мен құжаттау бөлімдері;
 - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

«6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметінің саласы:

 - білімдік қызмет саласында:

- жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақ беру, жаңартылған білім мазмұнына сай әдістемелік білімі мен қолданбалы біліктілігінің болуы;
- эксперименттік-зерттеу қызмет саласында:
 - ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып-білуі;
 - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибиелерді зерделеу және қорытуы;
 - педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:
 - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беру мазмұнын әртүрлі деңгейде жоспарлауы;
 - оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтауы;
- әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында:
 - көпмәдениетті тұлға қалыптастыруы;
- оқу-тәрбиелік қызмет саласында:
 - оқу-тәрбие жұмыстарын педагогикалық процестің заңдарына, заңдылықтары мен принциптеріне, тәрбиелік механизмдерге сәйкес іске асырылуы;
 - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлауы;
 - нақты тәрбиелік міндеттерді шешуі;
 - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша сыныптан тыс жұмыстарда оқыту мен тәрбиенің әртүрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдану;
 - оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнатуы;
- оқу-технологиялық қызмет саласында: оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

в) Кәсіби қызмет түрлері

«6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бакалаврының кәсіби қызмет түрлері:

- білім беру (педагогикалық)
- ғылыми-зерттеу;
- әдеби-шығармашылық;
- ұйымдастыру-басқару;
- өндірістік-басқарушылық.

г) Кәсіби қызметінің функциялары

- оқыту - оқу ақпаратын таратады, жаңартылған білім мазмұнына сай өз бетімен білім аруды үйретеді, білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын қоланады және т.б.;
- тәрбиелеу - білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне араластырады, педагогикалық әдепті, педагогикалық этика ережелерін сақтайды, білім алушылардың жеке басын құрметтейді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құрады және т.б.;

- әдістемелік – білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлап, әдістер мен тәсілдерді анықтайды, оқу материалдарын берілген оқу мақсаттарына сәйкес өңдейді және т.б.;
- зерттеушілік - білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктері диагностикасының нәтижелерін пайдаланады;
- әлеуметтік-коммуникативтік - кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады, білім беру стекхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасайды және т.б.;

17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
<p>Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: 1. (Softskills)</p>	ОН 1	<p>Аналитикалық ойлауды дамытады, ғылыми-зерттеу қызметінде дағдыларды меңгереді; ғылыми деректерді өңдеу бойынша сапалы жұмыс жүргізеді; ғылыми қызметті іске асыруда субъективтілік пен жауапкершілікті арттырады; өзіндік көзқарасы қалыптасады.</p>
	ОН 2	<p>Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, негізгі ұғымдары туралы біледі.</p>
	ОН 3	<p>Педагогикалық үдерісте білім беру және тәрбиелік міндеттерді, оқытудың түрлерін, формаларын және әдістерін біледі, алған білімдері негізінде білім беру үдерісін басқарудың әдістері мен құралдарын, принциптері мен аңдылықтарын меңгереді. Инклюзивті, жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары мен үйден оқыту жағдайында оқушыларды инклюзивті оқыту үлгісін қолдану жұмыстарын ұйымдастыруды, жоспарлауды және шешім қабылдауды үйренеді.</p>
<p>Сандық құзыреттер: 2. (Digital skills):</p>	ОН 4	<p>Педагогикалық психологияның негізгі ұғымдары мен терминдерін меңгеріп, психологиялық-педагогикалық білімді практика жүзінде қолданудың негізгі салаларын біледі, оқу және тәрбие үдерісіндегі адамның танымдық және жеке даму заңдылықтарын, фактілер мен құбылыстарды талдайды.</p>
	ОН 5	<p>Әр түрлі деңгейдегі білім беру ортасын жобалау, сараптау және түзету мәселелерін шешуге кешенді тәсілді қолданады, адамның когнитивті және тұлғалық даму процесінің бөлігі ретінде үздіксіз оқыту тұжырымдамасын</p>

		түсінеді және іс жүзінде қолданады, сонымен қатар жеке, қоғамдық және желілік деңгейлерде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудің негізгі тұжырымдамалары мен теорияларын қолданады.
	ОН 6	Адам тұжырымдамалары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын, оқыту теориялары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; жан-жақты оқыту үдерісіне қолайлы оқыту теориялары мен педагогикалық үлгілерді қолданады.
	ОН 7	Әр білім алушылардың бастапқы кезеңдерін, олардың оқу әлеуеті мен нақты қолдау қажеттіліктерін тани алады, өз білім алушыларына нақты қолдау, жетекшілік ету, оқыту және бағалауға қатысты жеке қажеттіліктерін қарастыра алады.
Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 8	Оқу мен оқытудың инновациялық стратегияларын, сондай-ақ пән бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді сабақ/сабақ жоспарлары, оқу және сыныптан тыс іс-шаралар негізінде білім беру үдерісін және/немесе сыныптан тыс іс-шараларды жобалау, өткізу және бағалау әдістері мен құралдарын қолданады; эксперименттердің нәтижелерін және/немесе жиналған деректерді талдап, қорытынды жасайды.
	ОН 9	Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен дыбыстық құрылымы, заңдылықтары, ішкі ерекшеліктері туралы теориялық ұғымдарды түсіндіреді; фонетикалық терминология мен транскрипцияны қолданады; кешенді фонетикалық талдау әдістерін қолданады; тіл фонетикасын теория мен практикада оқытады.
	ОН 10	Қазақ әдеби тілінің лексикалық-фразеологиялық жүйесін, негізгі категорияларын түсіндіреді; лексикалық және фразеологиялық бірліктердегі парадигматикалық, синтагматикалық байланысты, лексикалық бірліктердің арақатынасын түсінеді.
	ОН 11	Мәнмәтіндегі сөздерді мәтіннің мағынасына қарай талдайды; сөзжасамның ғылыми-теориялық негіздерін түсіндіреді; сөзжасамдық талдау

		жүйесін және сөз тудырушы жұрнақтарды түсіндіреді; қазақ тілі морфологиясының ғылыми теориясын түсіндіреді; сөзді түрлендіру жүйесі туралы құзыреттілікке негізделген білімге ие.
	ОН 12	Қазақ тілінің синтаксис теориясы мен синтаксистік құрылымын түсіндіреді; синтаксистік ұғым бірліктерін ажыратады; қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкес сөйлем құрастырады; сөз тіркестеріне, сөйлем түрлеріне жан-жақты талдау жүргізеді.
	ОН 13	Шешендік өнер мен логикалық ойлауды қолданады; ұлттық құндылықтарды, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын, фольклортану мен фольклортанулық зерттеулерді түсіндіреді; көне түркі әдебиетіне ортақ әдеби және мәдени ескерткіштерге сипаттама береді; ақындар мен айтушылар поэзиясын түсініп, пікір айтады.
	ОН 14	Қазақ әдебиетіндегі негізгі әдеби мотивтерді сипаттайды; жазба әдебиеттің қалыптасуы мен дамуын түсіндіреді; тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті қайраткерлерінің мұрасын меңгереді; прозаға, поэзияға және драматургияға, сатира жанрындағы жаңашыл ізденістерге, жаңашыл әдебиеттану мен әдеби сынға қатысты шығармаларды ұсынады.
	ОН 15	Дүние жүзі әдебиеті тарихының қалыптасуы, дамуы, тенденциялары мен концепцияларын түсінеді; қазақ және әлем әдебиетін салыстырады; автор мен кейіпкер арасындағы байланысты түсіндіреді; әдеби гендер мен тип, әдеби мектептер, әртүрлі ағымдар мен стильдер туралы негізгі түсініктерді меңгереді; пәндік ұғымдарды, ережелерді, теориялық талдау әдістерін түсіндіреді.
	ОН 16	Мәтінге тілдік, логикалық талдау жүргізеді; оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіреді; мәтіннің негізгі идеясы мен мазмұнын анықтайды; жалпы тілдік құзыреттілігін және тыныс белгілері мен емле ережелерін білуін көрсетеді; орфографиялық талдау жүргізеді.

18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1 ОН 2	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстан тарихы (МЕ)	5
		Философия	5
		Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері Қолданбалы бизнес және қаржылық сауаттылық Ғылыми зерттеу негіздері	5
ОН 2 ОН 3	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, Әлеуметтану	4
		Мәдениеттану, Психология	4
ОН 2 ОН 3	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5
		Орыс тілі	10
		Шетел тілі	10
		Дене шынықтыру	8
ОН 2 ОН 3	Болашақ мұғалімдерді тұлға ретінде қолдау	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация	4
		Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	3
		Әдебиеттің ғылыми-танымдық негіздері	3
		Инклюзивті білім беру ортасы	3
		Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қазақ әдебиетін оқытуды ұйымдастыру және жоспарлау	4
ОН 4	Оқыту және бағалау технологиясы	Оқытудың әдісі мен технологиялары	5
ОН 5		Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі және бағалау критерийлері	4
ОН 8	Мамандыққа кіріспе	Педагогикалық зерттеулер	4
ОН 9		Әдебиеттануға кіріспе	4
		Тіл біліміне кіріспе	5

ОН 10	Мұғалім - оқу фасилитаторы (педагогикалық практика)	Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика)	2
		Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика)	2
		Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика)	6
		Білім берудегі зерттеулер және инновациялар (педагогикалық практика)	15
ОН 11	Қазіргі қазақ әдеби тілі: теориялық негіздері	Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі және оқыту негіздері	4
		Қазақ тілінің лексикологиясы және оқыту негіздері	6
		Қазақ тілінің сөзжасамы және оқыту негіздері	5
		Қазақ тілінің морфологиясы және оқыту негіздері	5
		Қазақ тілінің синтаксисі және оқыту негіздері	5
ОН 12	Әдебиет теориясы мен тарихы модулі / әдебиеттану модулі	Қазақ фольклоры және оны оқыту негіздері	4
		Ежелгі мен хандық дәуір әдебиеті және оқыту жүйесі	5
		XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	5
		XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті	5
		XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті және оқыту жүйесі	5
		Әлем әдебиеті және оқыту жүйесі	6
		Қазіргі қазақ әдебиеті және оқыту жүйесі	6
		Әдебиет теориясы	4
ОН 13	Білім беру саласындағы интеграция	Қазақ тілі емлесі мен тыныс белгілері	5
		IT-аударма және кәсіби редакция Көркем аударма негіздері	5
		Функционалдық сауаттылық және метамәтін	5
		Қазақ жазу тарихы	5
		Салғастырмалы грамматика	4
ОН 14	Әдістемелік мамандану модулі/ оқыту әдістемесі мен технологиясы	Қазақ әдебиетін оқыту теориясы мен технологиясы	4
		Қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы	4
ОН 15	Кәсіби мамандану модулі/ біліктілік модулі	Мәтін және лингвамәдени талдау негіздері	5

		Стилистика	5
ОН 16	Кәсіби мамандану модулі/ біліктілік модулі	Тілдік кеңістік және қазақ тілі экологиясы Аталым теориясы және мәтін құру негіздері Көркем шығарманы герменевтикалық талдау	4
Қорытынды аттестаттау		Қорытынды аттестаттау	8

19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кр еди тте р сан ы	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)														
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13	ОН 14	ОН 15
ЖАЛПЫ МОДУЛЬ																		
	Ғылыми зерттеу негіздері	Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.	5	+	+					+								
	Қолданбалы бизнес және қаржылық сауаттылық	Курс бизнес-жоспарды құрудың әдіснамалық негіздері туралы білімді қалыптастыру, өткізу нарығын талдау әдістерін зерттеу, өнімді сипаттау, өндірістік жоспарды әзірлеу және ұсыну, маркетинг жоспары мен ұйымдастырушылық жоспарды, қаржылық жоспарды әзірлеу және ұсыну, студенттерді қолданбалы бизнес негіздерімен таныстыру мақсатында оқытылады.	5	+	+													

	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Курс ҚР-дағы әкімшілік құқық, Азаматтық және отбасылық құқық негіздері, ҚР Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік мәселелерін, қазіргі қазақстандық заңнаманың негізгі құқықтық нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін зерделеуді қарастырады.	5	+	+																
	Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Курс қоғам мен табиғатты дамыту негіздері, Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың заманауи тәсілдері, тіршілік қауіпсіздігін құқықтық реттеу, жағымсыз әсерлердің дамуын болжау және төтенше жағдайлардың салдарын бағалау, тірі организмдер популяцияларының жай-күйі, экожүйелердің бұзылу дәрежесі, популяциялардың құрылымы мен динамикасы туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі.	5	+	+																
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША МОДУЛЬДЕР																					
Болашақ мұғалімдерді тұлға ретінде қолдау																					

	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация	Болашақ мұғалімдер заманауи психологиялық теориялар мен үлгілер, сондай-ақ тұлғаның қызметі және оның жеке қасиеттері туралы білімге ие. Олар бұл білімді әртүрлі білім беру мәнмәтінде мұғалімдік қызметінде қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үрдісінде диалогты, өзара әрекеттесуді және қарым-қатынасты дамыта отырып, білім алушылардың қолайлы дамуына ықпал етеді.	4				+	+												
	Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	Пән психиканың қалыптасуымен, оның қызметі мен даму заңдылықтарымен таныстырады. Оқушылардың дамуын байқауға және соған сәйкес оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу процестерін жоспарлауға және жүзеге асыруға үйретеді; әртүрлі жағдайларда шығармашылық және адекватты әрекет ету және оқушылардың оқуы мен әл-ауқатына қолдау көрсетуді үйретеді.	3			+		+												

	Әдебиеттің ғылыми-танымдық негіздері	Пәнді оқу барысында білім алушылар ақпаратты өңдеуімен бірге жүретін процестерді және білімді игеру мен пайдалануды үйренеді, атап айтқанда әдебиеттану шеңберіндегі танымдық көзқарастарын қалыптастырады. Әдеби мәтіндерге қолданылатын нақты ғылыми-танымдық ұғымдар мен түсініктерді заманауи көркемдік құрал ретінде қолдануды үйрене отырып, шығармашылық-зерттеушілік қабілеттерін дамытады.	3				+											+	+	
	Инклюзивті білім беру ортасы	Пән студенттердің жан-жақтылығын есепке алуға және оқу процесінде олардың жеке қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді; сәйкес АКТ, оқыту және көмекші технологияларды пайдалана отырып, студенттердің оқуын және білім беру үдерісіне қосылуын қолдау; студенттердің өмір сүру деңгейін және оқу деңгейін ескере отырып, қоғаммен (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар/қамқоршылар) бірлесіп, психологиялық және этикалық тұрғыдан оқушылардың әлауқатын қолдау.	3			+	+													

	<p>Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қазақ әдебиетін оқытуды ұйымдастыру және жоспарлау</p>	<p>Аталған пән жалпы орта мектептерде және басқа да білім беру ұйымдарында әдебиетті оқытудың білім алушының жас ерекшелігіне қарай бағыттауды көздейді. Пәнді игерген студент келешекте кәсіби маман ретінде бастауыш сыныптарынан бастап жоғарғы сынып оқушыларының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыға және оның жасына бағытталған шығармалар мен оны оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін жоспарлауға және ұйымдастыра білуге дағдыланады.</p>	4			+		+														
Оқыту және бағалау технологиясы																						

	Оқытудың әдісі мен технологиялары	Болашақ мұғалімдер оқытудың стратегиялары мен әдістемелерін жан-жақты түсінеді және оларды нақты педагогикалық жағдайларға, мектептің нақты шарттарына және оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін инновациялық әдістермен жоспарлауда, оқытуда және бағалауда қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үдерісінің әртүрлі кезеңдерінде қолайлы инклюзивті, физикалық және онлайн оқыту ортасын құра алады. Болашақ мұғалімдер оқу материалдарын жоспарлау кезінде авторлық құқық пен деректерді қорғау ережелерін түсінеді және қолдана алады. Болашақ мұғалімдердің дидактика, оқыту технологиялары мен оқушыларды ынталандыру әдістері бойынша қажетті білімдері бар, оқушыларға қажетті педагогикалық көмек көрсете алады.	5			+	+				+									
--	-----------------------------------	--	---	--	--	---	---	--	--	--	---	--	--	--	--	--	--	--	--	--

	Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі және бағалау критерийлері	Аталған курс қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін бір пән ретінде оқыту кезіндегі қиындықтар және оларды шешу жолдары мен технологияларын қарастырады. Сондай-ақ, білім алушылар аталған курсты игеру барысында пән бойынша оқу жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдық түрде әзірленген, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына алдын ала сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін бағалау процесін толық меңгереді.	5			+	+				+										
Мамандыққа кіріспе																					

Педагогикалық зерттеулер	Бұл курс болашақ мұғалімдерге педагогикалық зерттеулердің теориялық негіздерін береді. Болашақ мұғалімдер түрлі сенімді көздерден теориялық білімді іздеу және сыни тұрғыдан іріктеу дағдысын меңгереді, педагогикалық ойлау мен практиканы дамытуда зерттеу нәтижелерін пайдалану дағдыларын қалыптастырады, зерттеулерге негізделген оқыту мен білім алуға, сондай-ақ осы дағдыларды үздіксіз дамытып, өздерін кәсіби тұрғыдан жетілдіруге ықпал етуге дайын болуы тиіс.	4			+	+													
Әдебиеттануға кіріспе	Курс білім алушыларға көркем әдебиеттің мәні мен маңызын танытып, әдебиеттану ғылымының салалары бойынша білімін толықтыру мақсатында оқытылады. Білім алушылардың көркем әдебиет пен әдеби шығарманы тілдік, поэтикалық және мазмұндық талдау дағдысын қалыптастырады. Пәнді игеру келесі кезеңде оқытылатын пәндерге алғышарт болып табылады.	4															+	+	

Тіл біліміне кіріспе	<p>Бұл курстың мақсаты – болашақ мұғалімдерін тілдердің шығу тегі, тілдің әлеуметтік ерекшеліктері, тіл мен сөйлеу, тіл мен ойлау, тілдердің ішкі құрылымы, тілдердің жіктелімі, дүние жүзінің лингвистикалық картасы сияқты жалпы теориялық мәселелермен таныстыру. Курстың өзектілігі тіл білімінің негізгі ұғымдары мен терминдерін, тілге теориялық көзқарастарды пайдалана отырып, тілдердің типологиялық сипаттамаларын талдауға бағытталған. Курста адамзаттың сөйлеу дыбыстарын зерттеуден бастап сөйлемдердің құрылымы мен мағынасына, тілді меңгеруге және болашақ мұғалімдердің жалпы тілдік құзыреттілігін дамытатын барлық нәрселерге дейін лингвистикалық талдауға шолу жасалады. Болашақ мұғалім шетел тілінде ауызекі және жазбаша қарым-қатынас жасау шараларына қатысуға дайын екеніндігін көрсетеді.</p>	5									+								+	
Қазіргі қазақ әдеби тіл: теориялық негіздері																				

	Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі және оқыту негіздері	Курс барысында болашақ мұғалімдер тілдің фонологиялық және фонетикалық теориялық негіздерін, қазақ тілі фонетикасының ерекшеліктерін, дыбыс жасалуын, тіл заңдылықтарының табиғатын меңгеру арқылы дұрыс ауызша және жазбаша сөйлеудің негіздерін меңгереді. Тәжірибеленуші мұғалімдер тілдің фонетикалық және фонологиялық ерекшеліктерін, заңдылықтарын меңгереді, фонетикалық талдауды кәсіби қызметінде қолдану дағдыларын қалыптастырады.	5									+								+
	Қазақ тілінің лексикологиясы және оқыту негіздері	Аталған курс қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін бір пән ретінде оқыту кезіндегі қиындықтар және оларды шешу жолдары мен технологияларын қарастырады. Сондай-ақ, білім алушылар аталған курсты игеру барысында пән бойынша оқу жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдық түрде әзірленген, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына алдын ала сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін бағалау процесін толық меңгереді.	6				+						+							

	Қазақ тілінің сөзжасамы және оқыту негіздері	Болашақ мұғалімдер сөзжасам теориясын, сөзжасамның ұғымдары мен бірліктерін, сөзжасамдық талдаудың синхронды және диахрондық түрлерін үйретуді үйренеді. Сөзжасам жолдары мен сөзжасам тәсілдерін көрсетуге үйренеді және қазақ тіліндегі сөздердің сөзжасамдық табиғаты, сөзжасамдық бірліктері мен сөзжасам тәсілдері туралы білімдерін дамытады.	5																		+
	Қазақ тілінің морфологиясы және оқыту негіздері	Болашақ мұғалімдер қазақ тіліндегі морфологиялық санаттарды зерттеп, қазақ тілінің сөздерді түрлендіру жүйесін оқытуды меңгереді. Олар қазақ тіліндегі грамматикалық санаттар туралы білім беруге үйренеді. Сонымен қатар грамматикалық ұғымдар туралы түсініктерін дамытады.	5				+														+

	Қазақ тілінің синтаксисі және оқыту негіздері	Болашақ мұғалімдер қазақ тілінің сөз тіркесі мен сөйлем құрылысының ерекшеліктерін, белгілерін, синтаксис теориясын түсіндіре алады. Олар қазақ тіліндегі сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрылымының, түрлерінің теориялық негіздерін және бұл пәннің ойды дұрыс жеткізудегі маңызын зерттейді. Қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен сөйлем түрлерінің белгілері мен қызметін де зерттейді.	5													+				+	
Әдебиет теориясы мен тарихы модулі / әдебиеттану модулі																					

	Қазақ фольклоры және оны оқыту негіздері	Болашақ мұғалімдер фольклордың, фольклор мен жазба әдебиеттің, халық ауыз әдебиетінің түрлерінің қоғамдық мәні мен ерекшеліктерін зерттейді. Оқушылардың қазақ ауыз әдебиетінің табиғаты мен шығу тегі, таралуы, сақталуы, жанрлық классификациясы туралы түсініктерін қалыптастыруға үйренеді. Болашақ ұстаздар халық ауыз әдебиеті арқылы оқушылардың талдау қабілетін қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтуді үйренеді. Оқушыларға қазақ ауыз әдебиетінің шығу тегі, жанрлық ерекшеліктері туралы теориялық білімдерін талдауға, ақпарат жинауға, әртүрлі мәтіндерді түсінуге және түсіндіруге үйренеді.	4														+			+	
--	--	---	---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---	--	--	---	--

	Ежелгі мен хандық дәуір әдебиеті және оқыту жүйесі	Болашақ мұғалімдер түркі тілдес халықтарға ортақ әдебиеттер мен Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттердің мазмұнын, осы кезең әдебиетін зерттеген ғалымдардың еңбектерін зерттейді. Олар көне әдеби жәдігерлердің қазақ әдебиетіндегі орнын айқындайды, көне түркі әлемі мен хан дәуірі мұраларының оқушылардың рухани дамуына, қоғамдық-саяси, әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуына ықпалын ұғынады. Олар студенттерге ежелгі және хан дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тарихы, көрнекті өкілдерінің шығармаларының мазмұны туралы толық теориялық білім бере алады, осы дәуір әдебиетінің негіздерін түсіндіре отырып, студенттерді өзіндік ізденістерге тарта алады. Болашақ мұғалімдер оқыту барысында ұлттық әдебиеттің негіздерін көрсетеді.	5							+							+				
--	--	--	---	--	--	--	--	--	--	---	--	--	--	--	--	--	---	--	--	--	--

	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	<p>Курс білім алушыларға қазақ әдебиетінің дамуының тарихи кезеңдерін сатылай кешенді зерттеу мақсатында XIX ғасырдағы қазақ әдебиеттің көрнекті өкілдерінің әдеби мұрасымен таныстырып, тереңдетіліп оқытады. Пәнді оқыту барысында студенттер халық ақындарының өмірі мен шығармашылығынан қажетті деректерді біледі, әдебиеттану бойынша жүргізілген ғылыми ізденістерді меңгереді.</p>	5														+	+			
	XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті	<p>Курс XX ғасыр басындағы әдебиеттің тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық даму үдерісінің ерекшеліктерін талдау мақсатында оқытылады. Азаматтық мұрат-мақсаты отаншыл қасиеттерге негізделген Алаш қайраткерлерінің әдеби және қоғамдық істерінің тарихи маңызы, қалам қайраткерлерінің түрлі жанрдағы шығармашылық ізденістерінің эстетикалық әлемі, жаңашылдық қырлары қарастыра отырып, білім алушылардың әдеби шығарманы контекстуалдық талдау дағдысын қалыптастырады.</p>	5															+	+		

	<p>XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті және оқыту жүйесі</p>	<p>Курсты меңгеру барысында студенттер көркем әдебиеттің даму тенденцияларын анықтай алады. XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби туындылардың поэтикасына қатысты жазылған әдебиеттанушы ғалымдардың, сыншылардың еңбектеріндегі ой-пікірлер, тұжырымдарын игере отырып, оқыту жүйесінде қолданудың ерекшеліктерін саралайды. Суреткер шығармаларындағы адам тұлғасының түрлі қарым-қатынастық жүйесін талдауды оқытудың технологияларын меңгереді. XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби шығармашылықты оқытудың деңгейлік әдістері мен хронологиялық сипатын анықтайды.</p>	5															+	+	
--	---	--	---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---	---	--

	<p>Әлем әдебиеті және оқыту жүйесі</p>	<p>Болашақ мұғалімдер әлем әдебиетінің даму заңдылықтарын, шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін дүниенің әлеуметтік ерекшеліктері призмасы арқылы зерттейді. Әлем әдебиетін оқудың арқасында болашақ мұғалімдердің дүниетанымы кеңейіп келеді. Әдеби шығармаларды талдау арқылы әлем әдебиетінің негізгі бағыттарын меңгеруге үйренеді. Әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланыстары мен ерекшеліктерін талдап, салыстырады. Сондай-ақ олар шығармалардың көркемдік құндылығы мен қазіргі мәдениеттегі әлеуметтік жағдай арасындағы байланысты талдайды. Болашақ мұғалімдер оқушыларына әлем әдебиетінің даму заңдылықтарын түсіндіруге және мектеп бағдарламасы аясында әлем әдебиеті шығармаларын оқытудың маңызы мен ерекшелігін ұғынуға үйренеді.</p>	6							+									+	
--	--	---	---	--	--	--	--	--	--	---	--	--	--	--	--	--	--	--	---	--

	Қазіргі қазақ әдебиеті және оқыту жүйесі	Болашақ мұғалімдер қазіргі қазақ әдебиетінің бағыты мен мазмұнына талдау жасайды. Олар өз шәкірттерін қазіргі ақын-жазушылардың шығармашылығымен таныстырып, олардың шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктерін ұғындыруды үйренеді.	5								+							+			
--	--	---	---	--	--	--	--	--	--	--	---	--	--	--	--	--	--	---	--	--	--

